

06.05.2019 ж.

### «Ұранды елдің – ұрпағы қайсар»

Арқалық қаласындағы облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханамызда 7-мамыр Отан қорғаушылар күніне орай 2019 жылы 2-6 мамыр аралығында «Ұранды елдің – ұрпағы қайсар» атты көрме-арнау ұйымдастырылды.

Мақсаты: Ұлы Отанды сүйеге, ерлік көрсеткен батырлардың бойындағы ержүректілік, отан сүйгіштік, ұлтжандылық қасиеттерін дәріптеу. Отанын, елін қорғай білуге тәрбиелеу. Отанға және туған елге деген сүйіспеншілігін қалыптастыру, адамгершілікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

Көрмеге Б. Сақтағанов. «Әскери педогогика», А.К.Аипов « Тіршілік қауіпсіздігі», О. Жиреншин. «Төтенше жағдайлар және азаматтық қорғаныс», А. Тасболатов. «Жоғарғы бас қолбасшысы – әскери қауіпсіздік кепілі», К. Аманжолов «Қазақстанның әскери тарихы», М.Серікпаев. «Әскери өнер тарихы», А.Б.Тасболатов. «Қазақтың ұлы қолбасшылары» сынды кітаптар қойылса, «Қазақстан патриоты», «Әскери терминдердің түсіндірме сөздігі» және « Арқалық хабары» газетінен мақалалар қойылып, оқырмандар назарына ұсынылды.



